6	6M011000 – Физика	6	23
7	6M011200 – Химия	2	9
8	6M011300 – Биология	6	24
9	6M011400 – Тарих	10	24
10	6M011600 – География	6 (соның ішінде 1 мақсаттық орын – Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ)	21
11	6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті	4	19
12	6M011800 – Орыс тілі мен әдебиеті	9	19
13	6M011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі		
14	6M020300 – Тарих	2	4
15	6M020500 – Филология	2	5
16	6M042100 – Дизайн	3	9
17	6M050300 – Психология	4	23
18	6M050600 – Экономика	1	14
19	6M050700 – Менеджмент	1	8
20	6M051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару		4
21	6M060100 – Математика		
22	6M060700 – Биология	2	7
23	6M060800 – Экология	7	17
24	6M090600 – Мәдени-тынығу жұмысы		4
	Барлығы	90	318

Ұлттық тестілеу орталығының 2018 жылдың 24 шілдесіндегі № 369 «2018-2019 оқу жылында жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын жоғары оқу орындарында шетел тілдерінен түсу емтихандарын өткізу туралы» хатына сәйкес М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті базалық жоғары оқу орны ретінде бекітілді. Базалық жоғары оқу орнына шетел тілінен емтихан тапсыру үшін барлығы 352 өтініш қабылданды.

Кесте 2. – 2018-2019 оқу жылына арналған мамандықтар бөлінісінде жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу туралы (ағылшын тілінде жүргізілетін)

№	Шифр, мамандығы	Барлығы	Ағылшын тілінде ғылыми - педагогикалық бағыт	Ағылшын тілінде Бейінді бағыт	Өтініштердің саны
1	6M011000 – Физика	125		125	1
2	6M011200 – Химия	125		125	4
3	6M011300 – Биология	125		125	3
4	6M011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі	200	200		21
5	6M050600 – Экономика	54	54		3
6	6M050700 – Менеджмент	51	51		1
7	6M051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару	25	25		1
	Барлығы				34

10-12 тамыз аралығында шет тілі бойынша магистратура, резидентура және докторантурада және оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық және бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеу жүргізілді. Нәтижесінде 50 балдан жоғары жинаған 116 үміткер (57,7%) мамандық бойынша емтихан тапсырды.

Кесте 3. - Мамандық бойынша емтихан тапсырғандардың қорытындысы

№	Шифр, мамандығы	Грант	Ақылы негізде
1	6M010200 – Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	13	2
2	6M010300 – Педагогика және психология		5
3	6M010600 – Музыкалық білім	4 (соның ішінде 1 мақсаттық орын – Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ)	4
4	6M010800 – Дене шынықтыру және спорт	1	11
5	6M010900 – Математика	7	2
6	6M011000 – Физика	6	1
	6M011000 – Физика (ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратура)		
7	6M011200 – Химия	2	2
	6M011200 – Химия (ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратура)	4	
8	6M011300 – Биология	6	10
	6M011300 – Биология (ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратура)	1	
9	6M011400 – Тарих	10	4
10	6M011600 – География	6 (соның ішінде 1 мақсаттық орын – Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ)	6
11	6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті	4	4
12	6M011800 – Орыс тілі мен әдебиеті	9	
13	6M011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі	8	7
14	6M020300 – Тарих	2	
15	6M020500 – Филология	2	1
16	6M042100 – Дизайн	3	
17	6M050300 – Психология	4	4
18	6M050600 – Экономика	1	9
19	6M050700 – Менеджмент	1	3
20	6M051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару		10
21	6M060100 – Математика		
22	6M060700 – Биология	2	1
23	6M060800 – Экология	7	3
24	6M090600 – Мәдени-тынығу жұмысы		2
	Барлығы	103	91

Осылайша, 2018-2019 оқу жылына магистратураға қабылдау қорытындылары бойынша мемлекеттік тапсырыс негізіндегі 103 орын (соның ішінде 13 – оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық және бейінді магистратурада білім алу үшін) игерілді. Ақылы негізде 87 магистрант оқуға қабылданды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 тамыздағы «Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында 2018-2019 оқу жылына жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы» № 377 бұйрығына сәйкес М.Өтемісов атындағы БҚМУ-ға PhD докторантураға (мақсатты орындар) 5 орын бөлінді.

Кесте 4. - 2018-2019 оқу жылына PhD докторантураға бөлінген мақсатты орындардың игерілуі

№	Тегі, аты-жөні	Шифр	Мамандығы	ЖОО
1	Б.Сейфуллина	6D011200	Химия	Абай атындағы ҚазҰПУ
2	Н.Кабошева	6D020500	Филология	Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
3	Ж.Иксебаева	6D070300	Информационные системы	Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
4	А.Даржигитова	6D060700	Биология	Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
5	Н.Лысенко	6D011900	Иностранный язык: два иностранных языка	Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ

Ж.К. ТАСТАЕВА,
ЖОО-дан кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі

Летний трудовой семестр

По инициативе Президента РК были развернуты программы по трудоустройству молодежи в летнее время «Жасыл ел» и студенческие строительные отряды, которые с каждым годом набирают популярность и пополняют свои ряды активной и трудолюбивой молодежью. Благодаря этим трудовым движениям у студентов появилась возможность с пользой провести летние каникулы: поработать во благо города, подзаработать деньги и найти хороших друзей.

В стенах нашего университета эти программы успешно реализуются. В этом году университетом было сформировано три внутренних отряда «Жасыл ел» по 40 бойцов, которые выполняли работы по благоустройству и озеленению территории нашего города. Командирами отрядов выступили студентки 4 курса Айжан Абилбахит и Айжан Амангельдина:

- Я уже в течение трёх лет являюсь бойцом «Жасыл ел». В этом году я была командиром в течение двух месяцев. Мы работали с 8 утра до 5 вечера, пять раз в неделю по восемь часов. Каждый отряд работал усердно и старался, таким образом, внести свой вклад в процветание и озеленение областного центра. Число желающих работать в наших отрядах с каждым годом возрастает, и мы с радостью принимаем их в свои ряды. Поэтому мы призываем молодежь в нашу команду!

Трудиться в студенческих строительных отрядах пожелали также многие. Более 60 студентов нашего вуза приняли участие в строительстве и ремонте различных объектов. Во главе одного из стройотрядов стоял Елдос Сериккалиев - студент 4 курса педагогического факультета, студенческий ректор:

- У нас не работают пассивные и ленивые люди, в наши бригады попадают трудолюбивые и сильные студенты, которые хотят помочь своим родителям, поработать и получить бесценный опыт.



Айша КЕМЕШОВА

Оқу жоспары және оқу кестесіне сәйкес, 5B011600 және 5B060900 «География» мамандығының «Г-31», «Г/п-33», «Г-32» және «Гео-31» топтарының студенттері 2018 жылдың 2-8 маусым аралығында Ақмола облысында алыс кешенді зональды оқу сараманынан өтті.

Теориялық білімімізді тәжірибелік тұрғыда шыңдау сараманың алғашқы күні жол жүру барысында жүзеге асты. Пойыздың ішінде еш кедергісіз оқу-құралдарын пайдалана отырып, бөлінген бригадалар бойынша маршруттық бағдарлауды бастап та кеттік. Алғашқы маршруттық бағдарлау нысанымыз – Орал-Шыңғырлау аралығы болса, келесі бригада бойынша Ақтөбе-Әйтеке би, кейін Әйтеке би-Қостанай бағытымен зерттеулер жүргіздік. Жол бойы пойыздың оң және сол жақ беткейлерінде әртүрлі объектілерге, нақтырақ айтқанда, тасжол, елді мекендер, автокөлік түрлері, шалғындықтар мен егістік алқаптары, өзен-көлдердің орналасу ерекшеліктерінің аралық уақыты бойынша кесте түрінде есебін жасап, нақты көрсеткішке қол жеткіздік.

Шіркін-ай, шөлейт зонасынан орманды дала зонасына аяқ басқаның бірден байқалады ғой, айнала жасыл желек, биік ағашты ормандар. Шөл мен шөлейт зонасында, құм мен тақырда өскен біздер орманды даланы көріп таңдай қақтық.

Келесі таңымызды Көкшетау қаласында қарсы алып, Щучинск аймағына да келіп жеттік. Бізді бұнда Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің география мамандығының оқытушысы

Карима Паритовна қарсы алып, «Звездный балалар сауықтыру орталығына» орналастырды. Жол барысында қала аумағымен танысып, төңірегімізге таңырқап, қалай жеткенімізді де аңғармай қалыппыз. Сол күннің өзінде-ақ уақытты тиімді пайдалана отырып, зональды практикамыздағы екінші топтық жұмыс – нивелирлік өлшем түсіруде бригада бойынша жұмыстандық. Нивелирлік түсірілім «Звездный балалар сауықтыру орталығының» жанындағы Қатаркөл көлінің жағалық жер бедеріне жүргізілді. Жұмыс барысында 8 пункт жүре отырып, бастапқы және соңғы нүктелердің аралығындағы өлшемдерді гипсографиялық қисықсызыққа түсірдік.

Щучинск қаласындағы келесі таңымыз Бурабай аумағындағы әсем табиғат көріністері, табиғи-мәдени орындармен танысудан басталды. Бурабай курорттық аймағын, тарихын таныстыру үшін бізге арнайы гид тағайындалды. Алғаш барған жеріміз - «Жайлау» этноауылын аралап, «Оқжетпеске» жол тарттық. Ондағы әсем де тамаша көрініс құдды бір Швейцария аумағында жүргендей таңданыс туғызады. Әрбір студенттің жан дүниесін сөзбен жеткізу мүмкін емес еді. Бурабайдың ерекше көрнекіліктерінің бірі де бірегейі – «Оқжетпес» пен «Жұмбақтас» өзіндік бір аңыз-тарихымен ерекшеленетін,



Білім көкжиегімізді кеңейткен сараман



барған адамды өзіне қызықтырмай қоймайтын, магнит секілді тартатын ерекше сырға толы. Сондай-ақ «Абылай хан алаңы», «Ақылбай асуы», «Табиғат» мұражайларын аралап таңданыспен Көкшетау қаласына да жетіп қалдық. Қала аумағын аралап, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетімен танысып, қала ішіндегі Мәлік Ғабдуллин мұражайын араладық. Барған жерлеріміз бен көрген қызықтарымыз таусылар емес.

Осылайша, Ақмола облысындағы алыс кешенді зональды оқу сараманы да өз қызықтарымен есте қалды. Алыс кешенді зональды оқу сараманында студенттерге далалық стационарлық және маршруттық экономикалық-географиялық зерттеулер мен бақылаулар дағдыларын үйрене отырып, бастапқы материалдарды жинақтау және өңдеу тәсілдері мен әдістерін үйрендік. Теориялық курстарда алынған білімдерді сараманда тәжірибемен ұштастырып, болашақ мамандығымыздың географиялық өрісін кеңейтіп, оның кәсіби географиялық мәдениетін арттыра білдік деп ойлаймын.

Р.ҚОРҒАНБАЕВА,
5B011600 – «География» мамандығының 4-курс студенті
А.А.ТУРГУМБАЕВ,
География кафедрасының аға оқытушысы

Жаңуя жағдайына байланысты Қаратөбенің Егіндікөлінен Орал қаласына қоныс аударған кезде, кеңес дәуірінің үлкен жетістігі болған тегін баспана алу үшін бір азғантай уақыт өз мамандығымды «Уральскводстрой» трестіндегі жұмысқа ауыстырғанмын. Сол жерде жұмыс істеп жүргенде маған трест кәсіподағы «Испания еліне туристік сапарға жолдама бар, барасың ба?» деп сұрады. Жолдама құнын трест түгел төлесе, қуана баратынымды айттым. Трест бухгалтері өзім хабарласармын деген болатын. Одан біраз уақыт өтіп кетті, мен ол туралы ұмыта бастаған кезде бухгалтер шақырып, саяхатқа барам деген ойымды өзгертпесем, Испанияға туристік жолдаманың құнын түгел «Саяхат» туристік фирмасына дәл сол сәтте аударатынын айтты. Турфирмадағылар екі күннің ішінде қажетті құжаттарды тапсырып болмасам, үлгермейтінімді ескертті. Ол кезде қандай құжаттар тапсырғаным қазір есімде жоқ, есімде қатты сақталғаны – он төрт түрлі медициналық сараптама тапсырып, нәтижесін алғаным. Қазір заман қандай керемет! Қалтаңда ақшаң болса, өзің қаласаң тіпті мұхит асып кетесің. Көптеген елдерге визасыз-ақ баруға болады. Визамен баратын елдерге де көп қиындықсыз кез келген саяхатпен айналысатын фирмалар бұл мәселені өздері шешіп береді. Ал медициналық байқау деген мүлде жоқ, ол – әркімнің жеке басының шаруасы. Осы кезге дейін әлемнің біраз алыс елдерінде болдым. Соның ішінде

Ленинградты көрмеуім де мүмкін ғой. Испанияға бара алмағанымды мен ол кезде сәтсіздікке санамадым. Орыс халқының «бақыт болмаған кезде, бақытсыздық көмектесті» дегені еске түсті. Мен жалпы өмірде көп нәрселерді қайталағанды ұнатпаймын. Ал қазіргі Ленинград қаласына қайта бару мүмкіндігі болса, бас тартпауым мүмкін. Егер қазір барсам, немерелеріме ескерткіш болып қалатын қаншама видеофильм, суреттер өкелер едім. Ол кезде міне қызықты қараңыз, бізге бір әмбебап дүкеннің кіреберісінде түскен суретіңді бес минутта шығарып беретін фотография барын айтты. Біз соны іздеп барып суретке түстік. Бізді ақымақ деп ойламаңыздар, суретке түсіретін кабиналар бірнешеу, олардың алдында бізден де басқа тұрған адам санын көрсеңіз. Қазір мұны жазып отырған өзіме бұл жазғандарым нағыз «анекдот» болып көрінеді. Бір ғұмыр ішінде ғана емес, тек санаулы жылдарда-ақ ғылым мен техниканың қарыштап өскені қатты қуантады. Прогресс кездейсоқтық емес, қажеттілік. Қазіргі жастарға айтарым – сол прогрестің қозғаушы күштері болыңыздар. Жастар, жақсы армандардың жетегінде жүріңдер де, сол армандардың орындалуы жолында еңбектеніңіздер! Армандар орындалады, оған менің өмірімде де дәлелдер жеткілікті. Соның бірі – бұдан қырық жылдай бұрын жүзеге аспаған Испанияға туристік саяхат, міне, мен дәл жетпіс жасқа толғанда жүзеге асты.

Армандар орындалады



тек 2017 жылы Сауд Арабиясына барған қажылық сапарда мененгіт ауруына қарсы вакцина алдым. Сол Испанияға бару үшін өткен медициналық байқаулардың ішінде ең соңғы тексеріске невропатологқа барғаным қатты есімде қалған. Оның себебі невропатолог «осы саяхатқа бірге барасыңдар» деп, мені тұлғалы бір орыс ұлтының ер адамымен бірге қабылдады. Дәрігерден шыққан кезде ол кісі менен: «сізде әлі өтетіндеріңіз көп пе?», - деп сұрады. Ал мен болсам, бұл менің ең соңғым, қазір құжаттарымды тапсыратынымды аса бір мақтанш сезіммен айттым. Ал мен одан неге екенін білмеймін, қайда жұмыс істейтінім сұрадым. Ол осы Оралдағы бір зауыттың директоры екенін айтты. Құдай бұйырса саяхатқа бірге барамыз деп қоштастық. Ол кезде саяхатқа шығатын топ жиырма бес адамнан тұратын. Мен Облыстық кәсіподақтың Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетіне екі ай бұрын даярлап жатқан саяхатқа баратындардың тізіміне дәл айтқан уақытында құжаттарымды жеткізіп, тізімге сол жиырма бесінші адам болып іліктім. Қуанышыма шек жоқ, құжаттарымның дұрыстығына сенімдімін. Міне қызық, екі айдан кейін Облыстық кәсіподақтағылар маған сіз құжаттарыңызды кеш тапсырдыңыз, сондықтан тізімге ілікпедіңіз деп қарап отыр. Менен басқа өтпеген адамдар бар ма деп сұрағанымда, олар сізден басқа ет комбинатынан бір әйел адам өткен жоқ деді. Маған мән-жай бірден түсінікті болды. Өйткені мен медициналық байқауды бітірген кезде, оны тек жаңа бастап жатқан ер адам туралы әңгіме жоқ. Бұл айдан анық тізімде ең соңғы тұрған мені алып тастап, орныма сол зауыттың директорын салып жіберген. Сөйтіп армандаған Испанияға саяхаттың жолы болмай қалды. Басқа шетелге жолдама жоқ. «Саяхат» туристік фирмасында менің атыма түскен ақша жатыр. Мен ол кездегі еліміз аумағындағы Ленинград-Выброг маршрутын таңдадым. Егер осы жағдай болмаса мен бұрынғы Кеңестер Одағының ең көрікті қаласы



Барселонада туристерді бірден қызықтыратын – атақты сәулетші Антони Гаудидің 1883 жылы салуды бастап, күні бүгінге дейін салынып бітпеген Саграда Фамилия шіркеуі (собор Святого Семейства). Қалада Гаудидің есімімен байланысты қаншама ғимараттар бар. Олардың көбі – ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік деп танылған тізіміне енгендер. Мысалы, сыртқы бейнесінің ерекшелігіне қарай «Каменоломня» деп аталған үй, Батльо үйі т.б. Жалпы Барселонаның ғимараты - тұнып тұрған тарих. Әр ғимарат кезінде өзін жобалаған сәулетшінің атын сан ғасырлар бойы өзімен бірге сақтап келеді. Барселона кәсіпқой футбол клубының стадионын, мұражайын түгел араладық. Ол - өз алдына ғажап әлем! Барселона қаласында жалпы биіктігі жүз метр және одан да асатын жиырмадан астам ғимараттар бар. Біз қаладағы 1963 жылы ашылған дарынды суретші Пабло Пикассо мұражайында болдық. Пикассоның 3500 дана еңбегін көрумен қатар, мұражай орналасқан ғимараттар арқылы бұдан 600 жыл бұрын Каталония қандай болғанына көз жеткіздік.

«Испанская деревня» ашық аспан астындағы архитектуралық мұражайға да бас сұқтық. Онда Испанияның барлық бөліктерінің 117 ғимараттарының көшірмесі жинақталған. Оны 1929 жылғы Бүкіләлемдік көрмеге арнап салған. Бұл жерден Испания қолөнер шеберлерінің туындыларынан сыйлықтар алуға, Испанияның әртүрлі бөліктерінің тағамынан дәм татуға болады. Осы жерде айта кететіні - өзіміздің Астанадағы «Этноауылға» бардым. Қандай тамаша! Атқа мініп шабасың ба, бүркітші болып суретке түссің бе, хан тағында отырасың ба, ұлттық тағамнан дәм татып, қарапайым ғана емес, өлемдік деңгейде жүрген артистеріміздің концертін көресің бе, адам жанына керектің бәрін осы жерден табасың! Елдегі туризмді дамыту жолында жасалып жатқан осындай істер көңіл қуантады.

Испанияға барып тұрып астанасын көрмей кеткім келмеді. Сөйтіп немеремді ертіп алып метро ашылған бойда Барселонаның темір жол вокзалына тарттық. Пойызбен үш сағатта жеттік. Вагон ішінде өзіңді тап бір ресторанда отырғандай өте жайлы сезінесің. Мадрид Пиреней түбегінің ортасында теңіз деңгейінен 667 м биіктікте орналасқан. Европадағы ең биікте тұрған астана. 1992 жылы Мадрид «Европалық мәдениет қаласы» болып жарияланған. Мадрид халқы барлық мерекелерді көшеде өткізеді. Қаламен таныстығымыз «Аточа» темір жол вокзалынан басталды. Менің «көргенім – бір тоғыз, көрмегенім – тоқсан тоғыз» дегендей, осы уақытқа дейін көрген әлем темір жол вокзалдарының ішіндегі ең әдемісі – осы Мадридтегі «Аточа» вокзалы. 1992 жылы вокзалдың жүз жылдығында оның кіреберісінің ішкі бөлігінде тропикалық бақ ашылған. Алькала – қаладағы ең белгілі және ұзын көше. Біз болған Күн қақпасының Тәуелсіздік алаңына дейінгі жері өте тартымды. Онда Сан Хосе шіркеуі орналасқан. Өкінішке орай Мадридтің «Реал» футбол командасының Сантьяго Бернабеу стадионында бола алмадық. Толедо қақпасы маңынан Мадридтің «Атлетико» футбол командасының Кальдерона стадионын да сыртынан көрдік. Осы жерде Бизнес зонасының төрт мұнарасы орналасқан. Олар – қазіргі кездегі Испанияның ең биік ғимараттары (250 м). Бұл сапардың да басқа сапардағылардай тұжырымдамасы: саяхаттаңдар, әсіресе жастар. Өз елімізді барлық жағынан дамыту үшін басқа елдерді көріп білу өте қажет. Елбасымыз осы мақсат үшін жастарды «Болашақ» бағдарламасымен шет елдерге оқуға жіберіп жатыр. Ал бұл бағдарламамен екінің бірі оқи алмайды, сондықтан еңбек етіндер де саяхатқа шығындар. Көрген-білгендеріңді ел игілігіне жаратындар. Мен зейнеткермін, менің қолымнан келгені – сендерге өзін көрген елдерден қысқаша болса да мағлұмат беру. Менің жас достарым, жолдарың болсын!

С.С. ҚҰЛМАЛИЕВА,

«Қазақстандық ұлттық географиялық қоғамы» мүшесі

Под этим лозунгом, начиная с 10 сентября т.г., прошли ставшие традиционными в университете встречи руководства и сотрудников отдела социальной и культурной работы и активистов студенческого самоуправления факультетов со студентами первых курсов шести факультетов вуза.

Каждая встреча начиналась с демонстрации документального фильма, снятого в прошлом году в дни празднования 85-летия университета, в кадрах которого первокурсники увидели не только фотографии тех, кто закладывал основы вуза в далеких 30-х и 40-х годах, но и хронику 50-х и 60-х.

Особый интерес, разумеется, вызвали сегодняшние реалии вуза: аудитории, лаборатории, музеи, рабочие будни стройотрядовцев, участников археологических раскопок, жаркие баталии на волейбольных и баскетбольных площадках, уроки уже знакомых ребятам преподавателей.



«ВСЕ ДЛЯ СТУДЕНТЧЕСТВА!»



Старшекурсники ознакомили студентов первого курса с текстом Кодекса чести студентов, по которому им жить, учиться, соразмеряя каждый свой шаг с требованиями и положениями Кодекса о нормах поведения в аудиториях, общежитиях, на общественных мероприятиях.

Выступая перед каждой аудиторией в течение недели, проректор университета по воспитательной работе и социальным вопросам, доцент Т.М.Даришева призвала первокурсников с первых дней учебы настроить себя на целенаправленный, кропотливый, ежедневный труд для получения глубоких знаний по избранной специальности, всесторонних навыков, столь необходимых для формирования личности учителя и специалиста, востребованного сегодняшними реалиями бурно развивающейся страны.

«Как для этого правильно распланировать время?», «Что необходимо сделать для эффективной учебы?» - на эти вопросы ответили отличники учебы - обладатели именных стипендий, студенческие деканы, руководители общественных молодежных формирований, клубов, проектов.

Собкорр.

Ел дамуының маңызды бөлігі - білім беру мазмұнын жаңарту. «Қазақстанды үшінші жаңғырту: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Адами капиталдың сапасын арттыруды» елдің даму басымдықтарының бірі ретінде алға тартады. Сонымен қатар Елбасы: «...ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеру керек. Біздің міндетіміз - білім берудегі экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық тізбегін құру», - деп өз мақаласында атап өтті.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА -

білім берудің жаңа мазмұны

Бүгінде бұл мақаланың аясында елімізде көптеген семинар-тренингтер, онлайн кездесулер, түрлі басқосулар өтуде. Соның бір айқын айғағы - университетімізде Халықаралық білім орталығының директоры Бисенбаев Ғани Бектайұлымен өткен кездесу. Жиынға білікті ұстаздар мен педагогика, филология факультеттерінің 4-курс студенттері қатысты.

Семинар-тренингті бастамас бұрын Ғани Бектайұлы біздерден:

- Барлығың осы мамандықты қалап келдіңдер ме?, Мамандықтарың бойынша алдағы уақытта жұмыс жасағыларың келе ме? Жауаптарың «ия» болса, қолдарыңды көтеріңдер, мен көрейін, дәрісім сендерге қажет пе, жоқ па? - деп зейінімізді тексерді. Сонда студенттердің басым бөлігі қолдарын жоғары көтеріп, дәрісті бар зейіндерімен тыңдағылары келетіндігін көрсетті.

Дәрісте өзінің еңбек жолын 22 жасынан қарапайым мектепте орыс сыныптарына қазақ тілі және әдебиеті

пәнінің мұғалімі болып бастағанын айтып өтті: «... сондағы негізгі мақсатым - балаларға қайтсем қазақ тілін меңгертем, олардың қызығушылығын қалай оятамын, - деген мақсатты басты нысана еттім», - дейді. «Мұғалім - құдайдан келетін сәуле іспеттес қабілет, шәкірттің жүрегіне жол таба білетін, оның тұлға болып қалыптасуына бірден-бір септігін тигізетін ұстаз - нағыз ұстаз», - деп ағамыз ұстаз бойында кездесетін қасиеттерді атап өтті. Бір сөзбен айтсақ, жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаттарының бірі - мұғалімнің дәрежесін көтеру, мұғалімді оқушының көмегіне мұқтаж етпеу. Кездесу барысында Ғани Бектайұлы ХХІ ғасыр ұстазының бойынан табылуға тиісті мынадай 3 қабілетті атады:

1) компьютерді жетік меңгеру, яғни, шәкірт көмегіне

мұқтаж болмау, керісінше шәкірт сізден білмегенін сұрау;

2) көп тілді білу: сабақты қызықты етіп өткізуде бірнеше тілді меңгеру де өз пайдасын береді;

3) мықты психолог болу: «Педагогика психологиясыз - жалғыз қанат құс іспеттес», - дегендей, сіз бала жанын түсіне білсеңіз, оны жақсы көрсеңіз, бойындағы қабілетті оята білсеңіз, баланың өміршең болуына қосқан үлесіңіз болмақ. Дәріс соңы қызықты жаттығулармен жалғасып, уақыттың қалай өте шыққанын байқамай қалыппыз. Мамандық таңдауда қателеспегенімізге тағы да бір мәрте көзімізді жеткізгеніңіз үшін, өзіңіздегі қызықты ақпараттармен бөліскеніңіз үшін сізге алғыс білдіреміз!

Жанель ХУРСАНҚЫЗЫ,

«Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 4-курс студенті



Развитие средств массовой информации и новых технологий вносят свои значительные коррективы в эту сферу. Современный век требует медийной и информационной грамотности общества для обеспечения равноправного доступа к информации, знаниям и содействия свободным, независимым средствам информации и информационным системам.

В связи с этим в настоящее время проводится ряд мероприятий в стране, и одним из них стал молодежный республиканский Медиа Форум «Медийная и информационная грамотность молодежи», прошедший 9 сентября в Уральске. С приветственной речью на торжественной церемонии открытия выступил аким Западно-Казахстанской области Алтай Сейдиринович Кульгинов. Гостем форума стал наш земляк, известный казахстанский альпинист, капитан сборной Максут Жумаев, призвавший молодежь достичь своего жизненного Эвереста.

Спикерами встречи стали общественный деятель Саясат Нурбек, ведущая телеканала «Хабар» Салтанат Тугельбаева, директор по маркетингу команды вайнеров «Yufgame» Расул Абдуллаев, радио-, телеведущая, журналист «Atamekenbusinesschannel» Айгерим Дюзикенова и резидент «ХаХаShow» Аксултан Калиев, которые выступали в формате TEDx и поднимали актуальные темы, как социальные сети, информационная безопасность, мобильная журналистика, телевидение, маркетинг и блоггерство. После выступления гостей участники разделились на секционные группы, где каждый спикер подробно

Медийная и информационная грамотность молодежи

осветил свою тему и отвечал на вопросы. По отзывам студентов, принявших участие в форуме, они получили много интересной информации и благодарны организаторам.

Жанна Автаева, Фил-12: - Я очень рада, что уже на первом курсе наш вуз предоставил нам возможность посетить республиканский медиа-форум. Я считаю, что это очень круто, когда ты, простой студент, можешь пообщаться с журналистами республиканского уровня, узнать их «творческую кухню».

Диас Мукашев, Фил-12: - Лично мне очень понравился форум. Я открыл много интересного для себя. Кстати, именно после этого форума я захотел научиться писать статьи, попробовать публиковаться.

Айзада Камалова, Фил-22: Спикеры отлично выступили, всё было по-настоящему искренне, они хотели передать свои умения и знания за короткое время. И я считаю, что у них это получилось.

Айша КЕМЕШОВА



Несгибаемый МАРАФОНЕЦ



Отличный подарок родному городу Уральску сделал в дни празднования Дня города марафонец, ветеран спорта, много лет проработавший на кафедре физического воспитания педагогического факультета Западно-Казахстанского государственного университета имени М.Утемисова Максот Кажгереевич Кенжегереев. Выступая в Малайзии в своей возрастной группе, он завоевал золотую медаль в полумарафоне (21 км. 100м.) Всемирных азиатских Игр Тихоокеанского региона. Это не первая победа спортсмена. До этого он становился победителем и призером международных марафонов в Анталии (Турция), Астане, Саратове, престижного марафона в Санкт-Петербурге «Триколор TV «Белые ночи».

Н. КУАНГАЛИЕВ

Алғашқы мерекелі жұма

«Туған үйдің түтініне дейін ыстық» демекші, ауылдың саф ауасы мен самал желіне құмарын баса алмаған студенттерді «екінші үйіне» айналған БҚМУ алыстан менмұдалап, «құшағын» айқара ашып, білім нәрімен сусындатуға күтіп тұрғандай. Университетін сағынса да, тамыздың біткенін қаламас-ты олар.

Алайда қыркүйек. Орал қаласы. Билеті мен сөмкесін қолына алып пойыздан түскен студентті бұнда тосын сый күтіп тұр. Ол, әрине – қала күні мерекесі. Оқу жылының алғашқы аптасымен астасып келетін бұл дүбірлі күн жастардың жақсы көңіл-күй кешіп, жаңа белестерге бел бууына серпін береді. Шырайлы шаһарымыздың туған күніне арнап ұйымдастырылған небір-небір қызықты шаралар, көрмелер, саз

кештері, қолөнер сағаттары, отандық кинофестивалі, ірі алаңдардағы концерттер бір сәт қала тұрғындарының басын бір арнаға тоғыстырады. Біздің студенттердің оралдықтар мен қала қонақтарын бірлікке баулитын осындай айтулы мерекенің жоғары деңгейде өтуіне атсалысып, еріктілер ретінде жұмыла қызмет атқарып жүргенін көргенде кеудені ерекше мақтаныш кернейді.

– Ең алғаш рет Университетіміздің 85 жылдығына орай ұйымдастырылған концертте дебют жасаған соң, біздерді осылай қалалық шаралардың қатысушысы болуға көп шақырып тұрады. Және осы қала күні секілді ірі шараға өз өнерімізбен үлес қосып жүргенімізге қуаныштымын. Бұл – мен үшін жылдың жақсы бастауы, – деп, музыка және өнер факультетінің жанынан құрылған «Адэми» тобының

мүшесі Ару Жәдігерова да өз қуанышын жасырмады.

Айтулы мейрам аясында қала әкімінің кубогіне КТК ойындары да ұйымдастырылды. Қазақстанмен қоса Ресейден келген топтар арасында оздырылған сайыста университетіміздің филология факультеті жигіттерінен құралған «Талант» командасы қаламыздың намысын қорғап, жүлделі 3-орынды иемденді. Мерекелік шараларда бас қосып, сағынысып көріскен, жазғы демалыстағы жаңалық, қызықтарымен бөліскен жастар салтанаттың шырайын арттыра түсті. Сондықтан оқу жылының алғашқы ұзақ та «ауыр» аптасы осылай жеңіл де көңілді өте шықты. Алдағы уақытта ұстаздарымыз бен студенттерімізге жаңа оқу жылының әр күні табыс пен шабытқа толы болсын деп тілейміз. Іске сәт!

Сая ДҮЙСЕНБАЙ



ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800.

РЕДАКТОР:

Назар Каленович КУАНГАЛИЕВ

ТІЛШІЛЕР:

Сая ДҮЙСЕНБАЙ, Алтынгүл ДӘУЛЕТБАЕВА, Айша КЕМЕШОВА, Ақкенже БЕРКЕНОВА

Корректор: Ұлболсын МОЛДАФАЛИЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3. Тел.:50-41-46